

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесін және олардағы шаруашылық қызмет режимдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 23 тамыздағы № 672 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Су кодексі 21-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесі;

2) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызмет режимдері бекітілсін.

2. "Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесін және ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызметті реттеу құқықтық режимінің ерекшеліктерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 қаңтардағы № 59 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 23 тамыздағы
№ 672 қаулысымен
бекітілді

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесі

1. Жерүсті су объектілері:

1) Каспий теңізі;

2) Арал теңізі;

3) Балқаш көлі;

4) Зайсан көлі;

5) Алакөл көлдері жүйесі;

6) Ертіс өзені;

7) Жайық өзені.

2. Жерасты су объектілері:

Алматы қаласы:

1) Алматы жерасты су көзі;

2) Таулы Қырат (Кіші Алматы) жерасты су көзі;

Абай облысы:

- 1) Глухов жерасты су көзі;
- 2) Аягөз жерасты су көзі;
- 3) Свобода аралындағы жерасты су көзі;
- 4) Большой аралындағы су тарту орнының жерасты су көзі;
- 5) Ақбұзау жерасты су көзі;
- 6) Қарауылөзек жерасты су көзі;
- 7) Бүрліағаш жерасты су көзі;
- 8) Шігілек жерасты су көзі;
- 9) Ақсуат жерасты су көзі;

Ақмола облысы:

- 1) Ақмола жерасты су көзі;
- 2) Рождественское жерасты су көзі;
- 3) Нұра жерасты су көзі;
- 4) Шағалалы I жерасты су көзі;
- 5) Шағалалы II жерасты су көзі;
- 6) Атбасар жерасты су көзі;
- 7) Атбасар-Есіл маңы жерасты су көзі;
- 8) Жалайыр жерасты су көзі;
- 9) Кішкентай жерасты су көзі;
- 10) Ерейментау жерасты су көзі;
- 11) Қызылсу жерасты су көзі;
- 12) Державин жерасты су көзі;
- 13) Щучинск жерасты су көзі;
- 14) Вишневское жерасты су көзі;
- 15) Астрахань жерасты су көзі;
- 16) Сандықтау жерасты су көзі;
- 17) Мариновка жерасты су көзі;

Ақтөбе облысы:

- 1) Қарғалы жерасты су көзі;
- 2) Тамды жерасты су көзі;
- 3) Құндақтақыр жерасты су көзі;
- 4) Елек жерасты су көзі;
- 5) Ембі-1 жерасты су көзі;
- 6) Көкжиде жерасты су көзі;
- 7) Айшуақ жерасты жерасты су көзі;
- 8) Солтүстік Айшуақ жерасты су көзі;
- 9) Алға учаскесі жерасты су көзі;
- 10) Үлкен Борсық жерасты су көзі;
- 11) Донской учаскесі жерасты су көзі;

- 12) Қайрақты депрессиясының су тарту орнының жерасты су көзі;
- 13) Қандыағаш жерасты су көзі;
- 14) Темір жерасты су көзі;
- 15) Ойыл жерасты су көзі;
- 16) Айырқызыл жерасты су көзі;
- 17) Жаңа Мәртөк жерасты су көзі;
- 18) Қуағаш су алғыш жерасты су көзі;
- 19) Ново-Алексеев жерасты су көзі;
- 20) Комсомольское ауылының су тарту орнының жерасты су көзі;
- 21) Қарауылкелді жерасты су көзі;
- 22) Шұбарқұдық жерасты су көзі;
- 23) Толағай жерасты су көзі;

Алматы облысы:

- 1) Талғар жерасты су көзі;
- 2) Шығыс Талғар жерасты су көзі;
- 3) Қаскелең жерасты су көзі;
- 4) Есік жерасты су көзі;
- 5) Николаев жерасты су көзі;
- 6) Бақанас жерасты су көзі;
- 7) Кеген жерасты су көзі;
- 8) Ұзынағаш жерасты су көзі;
- 9) Покров жерасты су көзі;
- 10) Шелек жерасты су көзі;

Атырау облысы:

Миялы жерасты су көзі;

Шығыс Қазақстан облысы:

- 1) Өскемен жерасты су көзі;
- 2) Лениногор жерасты су көзі;
- 3) Богатырев жерасты су көзі;
- 4) Дайыров жерасты су көзі, Солтүстік-Шығыс учаскесі;
- 5) Шемонаиха жерасты су көзі;
- 6) Глубоковское жерасты су көзі;
- 7) Үлкен Нарым жерасты су көзі;
- 8) Күршім жерасты су көзі;

Жамбыл облысы:

- 1) Талас-Аса (Оңтүстік) жерасты су көзі;
- 2) Бүркіт жерасты су көзі;
- 3) Көпбұлақ жерасты су көзі;
- 4) Шабакты жерасты су көзі;

- 5) Шабакты-2 жерасты су көзі;
- 6) Аса жерасты су көзі;
- 7) Мерке жерасты су көзі;
- 8) Майтөбе жерасты су көзі;
- 9) Тамды жерасты су көзі;
- 10) Шу-Новотроицк жерасты су көзі;
- 11) Михайлов жерасты су көзі;
- 12) Байтал жерасты су көзі;
- 13) Фурманов жерасты су көзі;
- 14) Георгиев жерасты су көзі;
- 15) Жуалы жерасты су көзі;
- 16) Луговое жерасты су көзі;
- 17) Үшбас жерасты су көзі;

Жетісу облысы:

- 1) Талдықорған жерасты су көзі;
- 2) Үштөбе жерасты су көзі;
- 3) Қара жерасты су көзі;
- 4) Сарыөзек жерасты су көзі;
- 5) Қорғас жерасты су көзі;

Батыс Қазақстан облысы:

- 1) Орал жерасты су көзі;
- 2) Ақсай жерасты су көзі;
- 3) Чапаев жерасты су көзі;
- 4) Орда жерасты су көзі;
- 5) Жымпиты жерасты су көзі;
- 6) Тасқала су тарту орнының жерасты су көзі;

Қарағанды облысы:

- 1) Михайлов жерасты су көзі;
- 2) Жоғарғы Соқыр жерасты су көзі;
- 3) Көктал жерасты су көзі;
- 4) Жартас жерасты су көзі;
- 5) Қотыр жерасты су көзі;
- 6) Төменгі Бьеф жерасты су көзі;
- 7) Жоғарғы Бьеф жерасты су көзі;
- 8) Төменгі Тоқырау жерасты су көзі;
- 9) Талды жерасты су көзі;
- 10) Жоғарғы Тоқырау жерасты су көзі;
- 11) Киев жерасты су көзі;
- 12) Шерубай-Нұра жерасты су көзі;

- 13) Осакаров жерасты су көзі;
- 14) Солтүстік Ульянов жерасты су көзі;
- 15) Жақсы-Сарысу жерасты су көзі;

Қостанай облысы:

- 1) Қостанай жерасты су көзі;
- 2) Абай жерасты су көзі;
- 3) Лисаков жерасты су көзі;
- 4) Костычев жерасты су көзі;
- 5) Тұщытылған белдеу жерасты су көзі;
- 6) Қараторғай жерасты су көзі;
- 7) Жітіқара жерасты су көзі;
- 8) Шортанды жерасты су көзі;
- 9) Қостанай жерасты су көзі, Тобыл су тарту орнының учаскесі;
- 10) Таран жерасты су көзі;
- 11) Бестөбе жерасты су көзі;
- 12) Лихачев жерасты су көзі;
- 13) Орджоникидзе жерасты су көзі;
- 14) Смирновск жерасты су көзі, Батыс учаскесі;
- 15) Веринское жерасты су көзі;
- 16) Боровское жерасты су көзі;
- 17) Тосынкұм жерасты су көзі;
- 18) Торғай учаскесі жерасты су көзі;
- 19) Аманкелді жерасты су көзі;
- 20) Байғабыл жерасты су көзі;
- 21) Докучаевск жерасты су көзі, 1-учаске;
- 22) Семиозерное жерасты су көзі;
- 23) Тобыл-Обаған жерасты су көзі, Чураковск учаскесі;
- 24) Құсмұрын жерасты су көзі;
- 25) Шиелі жерасты су көзі;
- 26) Козыревск жерасты су көзі;
- 27) Красногорск жерасты су көзі;
- 28) Ащытасты жерасты су көзі;
- 29) Шолақсай жерасты су көзі;

Қызылорда облысы:

- 1) Қызылорда жерасты су көзі;
- 2) Қызылжарма жерасты су көзі;
- 3) Тораңғылсай жерасты су көзі;
- 4) Левобережное жерасты су көзі;
- 5) Мыңбұлақ жерасты су көзі;

- 6) Сунақ жерасты су көзі;
- 7) Жосалы жерасты су көзі;
- 8) Жаңадария жерасты су көзі;
- 9) Жиделі жерасты су көзі;
- 10) Шиелі жерасты су көзі;
- 11) Тереңөзек жерасты су көзі;

Маңғыстау облысы:

- 1) Құйылыс жерасты су көзі;
- 2) Сауысқан жерасты су көзі;
- 3) Түйесу жерасты су көзі;
- 4) Кетік жерасты су көзі;
- 5) Сам жерасты су көзі;
- 6) Железнодорожный су тарту орнының жерасты су көзі;
- 7) Жаңажол жерасты су көзі;
- 8) Басқұдық жерасты су көзі;
- 9) Құрық жерасты су көзі;
- 10) Ақмыш жерасты су көзі;
- 11) Саубет жерасты су көзі;

Павлодар облысы:

- 1) Павлодар жерасты су көзі;
- 2) Ермаков жерасты су көзі;
- 3) Қалқаман су тарту орнының жерасты су көзі, Қалқаман-I учаскесі;
- 4) Қалқаман су тарту орнының жерасты су көзі, Қалқаман-II учаскесі;
- 5) Лебяжі жерасты су көзі;
- 6) Баянауыл жерасты су көзі;
- 7) Краснокут жерасты су көзі;
- 8) Правобережный учаскесі жерасты су көзі;
- 9) Шарбақты жерасты су көзі;
- 10) Железин жерасты су көзі;

Солтүстік Қазақстан облысы:

- 1) Леонидов жерасты су көзі;
- 2) Есдәулет жерасты су көзі;
- 3) Талшық жерасты су көзі;
- 4) Преснов жерасты су көзі;
- 5) Айыртау жерасты су көзі;
- 6) Арықбалық жерасты су көзі;
- 7) Заградовское жерасты су көзі;
- 8) Есіл маңы жерасты су көзі;
- 9) Рузаевск жерасты су көзі;

Түркістан облысы:

- 1) Александров жерасты су көзі;
- 2) Леңгір жерасты су көзі;
- 3) Арыс жерасты су көзі;
- 4) Қарааспан жерасты су көзі;
- 5) Голодностепск жерасты су көзі;
- 6) Шардара жерасты су көзі;
- 7) Төменгі Тоғай жерасты су көзі;
- 8) Қарашық жерасты су көзі;
- 9) Біресек-Қантағы жерасты су көзі;
- 10) Байылдыр жерасты су көзі;
- 11) Мырғалымсай жерасты су көзі;
- 12) Темірлан жерасты су көзі;
- 13) Ванновка жерасты су көзі;
- 14) Бадам-Сайрам жерасты су көзі;
- 15) Тассай-Ақсу жерасты су көзі;

Ұлытау облысы:

- 1) Айдос жерасты су көзі;
- 2) Ұйтас жерасты су көзі;
- 3) Жанай жерасты су көзі;
- 4) Есқұла жерасты су көзі;
- 5) Ащылы жерасты су көзі;
- 6) Кедейтау жерасты су көзі;
- 7) Тұзкөл жерасты су көзі;
- 8) Ұлытау жерасты су көзі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 23 тамыздағы
№ 672 қаулысымен
бекітілген

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызмет режимдері

1. Өңірдегі қоршаған ортаға және экономикаға үстем әсерін тигізетін табиғи су объектілері, оның ішінде жекелеген өңірлерді ауызсумен қамтамасыз ету көзі ретінде пайдаланылатын немесе пайдалануға болатын жерасты су көздері мен учаскелері ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері (бұдан әрі – ЕММСО) деп танылады.

2. ЕММСО-да шаруашылық қызметті реттеудің құқықтық режимінің ерекшеліктерін енгізудің мақсаты:

әрбір ЕММСО мен оның бассейнінің табиғи ерекшеліктеріне, су шаруашылығы саясатына және экономикалық жағдайларға сәйкес келетін су ресурстарын басқару жүйесін қалыптастыру;

экологиялық нормативтердің сақталуын қамтамасыз ету және антропогендік жүктемені бақылау;

су ресурстарына әсерін тигізетін келеңсіз табиғи процестердің алдын алу.

3. Жерүсті ЕММСО-да:

1) жерасты суын іздестіру-бағалау жұмыстарын және оларды алуды, Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды, сондай-ақ кен іздеуді, ас тұзын, емдік балшық алуды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге;

2) радиоактивті және уытты заттармен, тұрмыстық қатты және өндірістік қалдықтармен, улы химикаттармен, тыңайтқыштармен, қатты және сұйық түрдегі мұнай, химия өнімдерімен ластауға және бітеуге;

3) рұқсат етілген төгінділер нормативтеріне дейін тазартылмаған сарқынды суды ағызуға;

4) бекітілген су режимі мен арнайы су пайдалану рұқсатынсыз су алуға және (немесе) пайдалануға;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын шомылдыруға және санитариялық өңдеуге;

6) құрылыс қызметіне, ауыл шаруашылығы жұмыстарына, ұңғыма бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға байланысты жұмыстарды және өзге де жұмыстарды су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі бассейндік су инспекциясының келісімінсіз жүргізуге;

7) пайдаланудан шығарылған (зақым келген) кемелерді және өзге де жүзбелі құралдарды, көлік құралдарын (олардың тетіктері мен бөліктерін) көмуге жол берілмейді.

4. Қазақстан Республикасының Су кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 86-бабының 2-тармағында айқындалған жағдайларды қоспағанда, жерүсті ЕММСО су қорғау белдеулері шегінде шаруашылық қызметтің кез келген түріне, сондай-ақ шаруашылық қызмет пен өзге де қызметті жүргізу үшін жер учаскелерін беруге рұқсат етілмейді.

5. Жерүсті ЕММСО су қорғау аймақтары шегінде:

1) су қорғау аймақтары мен белдеулерінің, жерүсті су объектілерінің ластануы мен бітелуіне жол бермейтін жабдықтармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ауыл шаруашылығы техникасы мен көлік құралдарын жөндеу және жуу, техникалық байқау, оларға қызмет көрсету пункттерін, автоотын құю станцияларын, мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды орналастыруға және салуға;

3) тыңайтқыштарды, пестицидтерді, улы химикаттарды, көнді сақтауға арналған қоймалар мен аландарды орналастыру мен салуға және оларды қолдануға (су қорғау

аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған кезде уыты аз және орташа, жойылуы оңай пестицидтерді қолдануға жол беріледі);

4) тұрмыстық қатты және өнеркәсіптік қалдықтар үйінділерін жасауға және орналастыруға;

5) зираттарды орналастыруға;

6) жүктеме нормасынан асырып ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға, мал шаруашылығы қожалықтарын, мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), пестицидтердің арнайы қоймаларын (көмінділерін) және олардың ыдыстарын орналастыруға;

7) сарқынды су жинақтағыштарды, сарқынды сумен суарылатын алқаптарды, сондай-ақ жерүсті және жерасты суының радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық және паразитологиялық ластану қаупін туғызатын басқа да объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

6. Жерасты ЕММСО қорғау үшін мынадай шарттар сақталады:

1) жерасты су алу құрылысжайларын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар жерасты суының деңгейі мен сапасына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді, қорлары ауызсумен жабдықтау үшін бекітілген жерасты су көздері мен учаскелерінде санитариялық қорғау аймақтарын ұйымдастырады;

2) егер бұл жерасты суының жай-күйіне әсерін тигізетін болса немесе әсерін тигізуі мүмкін болса, жерді тазартылмаған сарқынды сумен суаруға жол берілмейді;

3) ауызсумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдалануға болатын жерасты су көздері мен учаскелерінің контурларында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге, радиоактивті және химиялық қалдықтардың көмінділерін, қоқыс үйінділерін, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) және жерасты суының жай-күйіне әсерін тигізетін басқа да объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

7. Осы Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызмет режимінің 3, 4, 5 және 6-тармақтарында белгіленген шарттарға қосымша мынадай талаптар қамтамасыз етіледі:

1) гидроэнергетикалық және гидротехникалық құрылысжайларды пайдаланатын ұйымдар Кодекстің 129-бабының 9-тармағына сәйкес белгіленген табиғат қорғау мақсатында су жіберудің басымдығын қамтамасыз етеді;

2) шаруашылық қызмет:

экологиялық заңнамаға сәйкес белгіленген су сапасының экологиялық нормативтерін сақтау;

су объектілерін қалпына келтіру және қорғау туралы бассейндік келісімдер шеңберінде су және жел эрозиясынан, шөлейттенуден, батпақтанудан, қайта сортаңданудан, өндіріс, тұтыну қалдықтарымен және басқа да заттармен ластанудан қорғау, су қорының бүлінген жерлерін рекультивациялау жөніндегі шараларды және

тиісті ЕММСО кіретін стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есепте көзделген өзге де шараларды әзірлеу шарттарымен жүзеге асырылады;

3) санитариялық қорғау аймақтарына және санитариялық қорғау белдеулеріне тікелей жақын жерде және жерасты су көздерінің (учаскелерінің) контурларында шаруашылық қызмет су объектілерін қалпына келтіру және қорғау туралы бассейндік келісімдер шеңберінде көзделген шаруашылық қызметтің жерасты су объектісіне әсері бойынша зерттеулер әзірлеу және одан әрі жүргізу шартымен жүзеге асырылады;

4) жерасты суын тәулігіне бір мың текше метрден асатын көлемде алу Кодекстің 62-бабына сәйкес су қорын қорғау және пайдалану саласында қолда бар ең үздік технологияларды қолдануды көздейтін жерасты су алу жобасының, жерасты суының сапасы мен мөлшерін; мониторингілеу бағдарламасының болуы шартымен жүзеге асырылады;

5) жерасты суын пайдалануға байланысты құрылысжайларды орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға беру кезінде олардың жерүсті су объектілеріне және қоршаған ортаға зиянды әсерін болғызбайтын шаралар қарастырылады;

6) жер қойнауын геологиялық зерттеу, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жерасты суының ластануы мен сарқылуының алдын алу жөніндегі шаралар қарастырылады.